

**Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 4 маусымдағы № 511 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қарашадағы № 1454 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.11.16 № 1454 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.11.01 N 1258 (2012.01.31 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 20 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.11.01 N 1258 (2012.01.31 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.11.01 N 1258 (2012.01.31 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2) Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.11.01 N 1258 (2012.01.31 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. «Сот сараптамасы қызметін лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 18 маусымдағы № 504 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., № 19, 222-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Қазақстан  
Үкіметінің

Қ. Мәсімов  
Республикасы

2010 жылғы 4 маусымдағы  
№ 511 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметін лицензиялау ережесі**

**Ескерту. Ереже алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.11.01 N 1258 (2012.01.31 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2010 жылғы 4 маусымдағы  
№ 511 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметіне қойылатын біліктілік талаптары**

**Ескерту. Біліктілік талаптары жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.11.01 N 1258 (2012.01.31 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

1. Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптама саласында сот-сараптама қызметін қоспағанда, сот-сараптама қызметімен айналысу құқығына лицензия алуға өтініш берген жеке тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары:

- 1) жоғары білімінің болуы;
- 2) мынадай пәндерден: қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, азаматтық, азаматтық іс жүргізу заңнамасының, әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың негізгі ережелері; криминалистика; сот сараптамасының құқықтық, ғылыми, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздері; сараптаманың нақты түрінің ғылыми-әдістемелік негіздері; сот сараптамасы қызметін ақпараттандыру негіздері; сараптаманың нақты түрінің ғылыми-әдістемелік негіздері бойынша біліктілік емтихандарын тапсырғанын растайтын біліктілік куәлігінің болуы;
- 3) кемінде бес жыл сот-сарапшылық жұмыс стажының болуы;
- 4) «Сот сараптамасының кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 қарашадағы № 1414 қаулысымен бекітілген сот сараптамасы өндірісі жүзеге асырылатын арнайы жарақтандырылған үй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптарда көзделген арнайы жабдықтардың болуы;

- 5) наркологиялық және психиатриялық ұйымдарда есепте тұрғаны туралы мәліметтердің болмауы ;
- 6) өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болмауы болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК